

ӨОЖ 316.77:070 (574)

Д.Қ. Мамытқанов, С.А. Амитов  
 Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
 E-mail: kuralay.Avsydykova@kaznu.kz

## Ақпараттандыру үрдісінің ақпараттық мінез-құлықты қалыптастырудағы рөлі

**Аңдатпа.** Ақпараттандыру үрдісі жеке адамның интеллектуалдық деңгейі мен шығармашылық белсенділігіне, ақпараттық мінез-құлқына әсер етіп, өмірлік бағыт-бағдарын қалыптастырады. Мақаланың зерттеу пәні ретінде ақпараттандыру үрдісінің ақпараттық мінез-құлықты қалыптастыруға әсері және БАҚ-тың қоғам өмірінде алатын рөлі қарастырылған. Зерттеу барысында ақпараттық қоғам мәселелері және ақпараттандыру үрдісінің негізгі бағыттары сипатталды. Мақалада БАҚ-тың атқаратын негізгі қызметтері және жеке адамның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына әсері айқындалған.

*Түйін сөздер:* ақпараттандыру, ақпараттық мінез-құлық, ақпараттық мәдениет құндылықтар, ақпараттық қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары.

Ақпараттың жеке адам мен мемлекет, жалпы қоғам өміріндегі алатын орны өте маңызды. Ақпарат – адамды өмір сүру ортасына бейімдеуге бағытталған коммуникациялық үрдістің нәтижесі. Қазір әлеуметтік ортада жаңа ақпараттық қоғам құру мақсаты коммуникациялық үрдіске өзіндік ерекшеліктер мен өзгерістерін әкелді.

Ақпарат құндылығы тұлғаның субъективтік мінез-құлыққа ие болуымен түсіндіріледі. Егер адам қойылған мақсатқа жетсе, онда қолданған ақпарат оның назарынан тыс қалып, ол өз құндылығын жоғалтады. Сонымен қатар құндылықтың әртүрлі екендігін ескеру қажет. Құндылық – бұл адамның мақсатқа жету жолын таңдау процесінде оны қолдануға мүмкіндік беретін ақпараттың қасиеті.

Осының бәрін бірге алғанда қоғамда құндылыққа ие ақпараттан бөлек, құндылығы мүлдем жоқ немесе жағымсыз құндылыққа ие ақпараттың да бар екенін айтуға болады.

Ақпарат ақпараттық қоғам дамуының маңызды бөлшегі ретінде келесі қасиеттермен ерекшеленеді:

- ақпарат мақсатқа жету үшін таңдауға мүмкіндік беретін ақпараттың құндылығы;
- нақты жағдайда қаншалықты қажеттілігі айқындалатын ақпараттың пайдалылығы;
- белгілі бір уақыт аралығында ақпараттың құнсыздануы.

Ақпарат адамзаттың негізгі ресурсына, басты

құндылыққа айналып отыр. Қоғамдық салада ақпараттың рөлінің өсуі және ақпараттық қатынастардың алдыңғы қатарға шығуы ақпараттық қоғам дәуіріне енудің көрсеткіші болып отыр.

Ақпараттық қажеттіліктің мәнісі барлық қажеттіліктерді қанағаттандыру мен кез келген іс-әрекетті жасау өз мүмкіндіктерінің жүзеге асыруымен дамытуға бағытталған мақсат пен оған жету жолдарын таңдауда ақпаратты өндіру, қабылдау және пайдаланудан көрінеді. Адамның рухани дамуы үшін жағымды эмоционалдық ақпараттар қажет. Ақпараттық қажеттілік тұлғаны ақпараттық жинақтаған білімі арқасында басқа қажеттіліктерін жүзеге асырып, өзін-өзі дамытуға бағыттайды.

Қазіргі уақытта және болашақта жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, сауатты адам қажетті ақпаратты тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған техникалық құралдарды дұрыс пайдалана білуі қажет.

Адам ақпараттық коммуникация процесінде тек ақпарат алып қана қоймай, алған ақпараттарды пайдалана отырып, өз мүмкіндіктерін арттырып, ақпараттық қажеттілігін қанағаттандырады, ой-өрісі дамып тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан адамның ақпараттық мәдениеті оның ақпа-

раттық мінез-құлқынан, ақпараттық өмір салтынан, нақты ақпараттық әрекетінен байқалады.

Ақпараттық мінез-құлық адамның ақпаратпен жұмыс жасау, өзінің ақпараттық өрісін және өз жүріс-тұрысын ретке келтіру мен талдауға қажетті қабілеттіліктері мен дағдыларын бейнелейді.

Адамзат өркениеті ақпараттық қоғам құру кезеңінде тұр. Ақпараттық қоғамға өту процесі адамзат қоғамының ерте кезеңінен басталған, бірақ қарқынды даму ХХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Ақпараттық процестер мен ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Ақпараттандыру – бұл қоғамның бүкіл мүшелеріне кез келген әлеуметтік маңызы бар ақпаратты алуға мүмкіндік беретін саяси, әлеуметтік-экономикалық, технологиялық факторлардың өзара байланысқан жиынтығы нәтижесінде жүзеге асады. Ақпараттандыруға келесідей сипаттар тән:

– ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату және өндіру мүмкіндігінің өсіп отыруы;

– әр адамның адамзаттың ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізіп отыруын қамтамасыз ету;

– ақпараттық технологияларды адамдардың өмір салтының кез келген саласында жан-жақты қолдану және ендіру;

– ақпараттық ресурстардың басымдылығы және бағдар берушілігі.

Ақпараттық ағымда тұлғаның бойында ақпараттық ортаның қызмет ету заңдылықтары туралы білімдердің, қабілеттіліктердің, құндылықтардың қалыптасуы өмірде дұрыс бағыт-бағдар ұстануға, маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндіктер береді. Ақпараттандыру үрдісі қоғам және адам өмірінде даму ресурсы ретінде ақпаратты және ақпараттық коммуникация технологияларын толық пайдалану адамның ақпараттық мәдениетінің дамуы мен қалыптасуының маңыздылығын арттырып отыр.

ХХ ғасырда қоғам өмірінде ақпараттандыру үрдісінің негізгі бағыттары:

– микропроцессорлар мен электрондық есептеу машиналарының өндірісте, транспортта, тұрмыста және т.б. қоғамдық өмірде кеңінен қолдану;

– интеллектуалдық жұмыстардың сапасының артуы мен орындалу мерзімін қысқарту мақсатта автоматтандырылуы (ақпараттарды автоматты түрде іздеу, аудару және техникалық құрал-

дар арқылы автоматты түрде басқару, жобалау, ғылыми зерттеулерде және т.б. салаларда жұмыстар жүргізу);

– ақпараттың таратылуы мен тасымалдану тиімділігін арттырып, қағаз үнемдеуді қамтамасыз ету мақсатта көптеген қағаз баспа шығарылымдарын біртіндеп электрондық түрге айналдыру;

– әртүрлі ауқымды тасымалдау жұмыстарын тез және аз шығынмен шешуге мүмкіндік беретін жоғары дамыған электронды коммуникация жүйелерінің құрылуы (электронды пошта, электронбайланыс желісімен сатып алу мен қаржылай есептесу, телеконференциялар және т.б.).

Бұл үрдіс ХХ ғасырдың 70-80 жылдары қарқынды дамып, өркениеттің дамуына айрықша әсерін тигізді. Ақпараттық үрдістің қарқынды дамуының негізгі көрсеткіші ретінде ақпараттарды алу, тарату, тасымалдау, алмасу және қажетті ақпараттарды табу мен ақпараттарды өңдеу, оларды жүзеге асыру, басқаруда техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері артып отыр.

Ғалымдар ақпараттық қоғамда ақпараттың және ақпараттық ресурстардың рөлі айрықша өзгеретінін мойындады. Ақпарат адамзаттың маңызды ресурсына айналады. Шикізат пен энергияны аз пайдалана отырып, табиғи ресурстары шектеулі кішігірім мемлекеттер өндірісте ғылыми жетістіктерінің арқасында экономикада ерекше табыстарға жетуге болатындығын көрсетті. (Голландия, Дания, Тайвань, Жапония, Сингапур). Ақпарат билігінде баспа бостандығы, жариялық, жалпыға ортақ мәліметтер молдығы экономика дамуына және нарықтық механизмдердің орнығуына мүмкіндіктер береді. Білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге және табиғатты қорғау саласына қаржы бөлініп жоғары нәтижелерге жетуге жол ашылады.

Қоғамның әртүрлі даму бағыттарында түбегейлі өзгерістер ақпаратпен және ақпараттық қызметпен тығыз байланысты. Ақпараттандыру үрдісі экономикалық, технологиялық, саяси және мәдени дамуға мүмкіндіктер ашады

Ақпараттандыру – білім беруге, мәдениетке, әлеуметтік салаға әсер ететін әлеуметтік мәдени үрдіс. Ақпараттандыру үрдісі адамның өмір сүру ортасын едәуір өзгертті.

Қазіргі уақытта әлеуметтік өмірде ақпараттың маңыздылығы күрт жоғарылады: көп каналды

теледидар, интернет, радиостанциялар, кино, жарнамалар мен афишалар қоршаған ортаның маңызды элементіне айналды. Біз ақпараттық ортамен тығыз байланысты өзіміз және басқалар жөнінде хабарламалар алу мен алмасу үрдісіне, ақпараттарға толы медиа кеңістікте өмір сүрудеміз. Ақпарат адамның рухани және материалдық өмірімен тығыз байланысты. Бұл ақпараттың адамның әлеуметтік-мәдени өмірін және материалдық тұрмысын айқындайтынын білдіреді.

Ақпараттандыру жағдайында ақпараттық қоғамның құндылықтары, ұстанымдары, білімдері, нормалары таралып адам бойында ақпараттық мәдениет қалыптасады. Бұл адамды ақпараттық қауымдастықтың құрамдас бөлігіне айналдырады. Қазіргі жағдайда ақпарат басты құндылыққа айналып отыр, сондықтан тұлғаның әлеуметтенуі үшін ақпараттық мәдениеттің рөлі артуда. Ақпараттандыру жағдайында тұлғаны ақпараттық қоғамға мақсатты түрде әлеуметтендіру факторлары арқылы даярлау қажет.

Қоғамның ақпараттық құрылымы адамның шығармашылығының дамуы үшін көптеген білімдер мен құндылықтардың қалыптасуына жол ашты. Бірақ бұл мүмкіндіктерді ақпараттық қабілеттіліктер мен біліктілігі бар адамдар ғана пайдалана алады. Сонымен, адамның тіршілік ету ортасының өзгеруі ақпараттық мәдениеттің даму үрдісінің бір бөлігі болып табылатын ақпараттық сауаттылықты қажет етеді. Адамзат ақпараттық үрдістердің қарқынды өсу жағдайында әлеуметтік өмірдің нормасы ретінде көрінетін екі жақты ситуацияда қалды.

Ақпараттандыру үрдісінде мәдениетке әсер ететін техника мен технологиялар кеңінен ендіріледі, ол мәдениет пен ақпараттың өзара байланысын айқындайтын ақпараттық мәдениет болып табылады.

Тұлғаның ақпараттық мәдениеті мәдени ортаны танып-білуде және өзгерту үрдісі жүзеге асатын ақпараттық әрекеттен көрінеді. Нәтижесінде адам әрекет субъектісі ретінде, ал игерілетін үрдістер, құбылыстар әрекет объектілері ретінде бөлінеді.

Қазіргі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ХХІ ғасыр қоғамының дамуына әсер етіп отырған ең маңызды салалардың бірі болып табылады. Олардың әсері тек адам өміріне ғана емес, сонымен қатар адамзат қоғамының

тұрақты және белсенді түрдегі дамуында да әсері орасан зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қазіргі жетістіктер, біздің өмірімізге «ғаламдық ақпараттық қоғам» деп аталатын жаңа экономикалық, әлеуметтік және мәдени қатынастардың құрылуына алып келді.

Ақпараттық қоғамның негізгі сипаттарына:

- экономиканың тауар өндіруден қызмет көрсетуге қайта бейімделуі;
- интеллектуалдық технологияның өндірістік және технологиялық салаға теңесуі;
- материалдық меншіктің құндылықтар жүйесіндегі маңызының кемуі;
- материалдық өндірістегі ақпараттық және ғылыми қызметтің бәсекелестік басымдылығының артуы;
- қоғамның технологиялық және саяси-әлеуметтік құрылымы негізіндегі білім, ғылым маңызының артуы;
- кез келген саланың ғылыми және білім берушілік қызметіне ерекше мән берілуі;
- әлеуметтік ұйымдар құрылымындағы өзара бірлесу, яғни мәдени саладағы өзгерістер.

Ақпараттық қоғам құруда бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөлге ие болып отыр. Сондықтан ақпарат кеңістігінде жергілікті, өңірлік, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, әлемдік ақпарат көздері тұрғындарға кеңінен таралып, медиажаһандастыру үрдісі бізге таңдаудың жаңа формулаларын ұсынып отыр.

Жаңа ақпараттанған қоғам қалыптаса бастады, бүгінгі күнде қоғамдағы ең басты құндылық – ақпарат пен білім. Саяси-әлеуметтік қатынастарды реттеу жолындағы қоғам үшін ақпараттық процестер маңызды болып табылады. Ақпараттық технологиялардың дамуы және кең қолданылуы экономика, саясат, мәдениет пен ғылым сияқты барлық қоғамға қажетті салаларға ықпал етеді. Жалпы ақпарат адам үшін қоршаған ортадағы бағыт-бағдарларды түсінуге, келесі болатын қимылдарға шешім қабылдау үшін қажет. Негізінен ақпарат, үгіт-насихат алып ағаш ретінде ортақ тамыр арқылы тарайды және дами түседі. Оның негізгі бастауы – бұқаралық коммуникация мен телекоммуникация.

БАҚ – адамдарды демократия мен өркениет құндылықтарын, өз құқықтары мен міндеттерін білуге және құрметтеуге тәрбиелейтін аса маңызды ақпараттың информациялық функциялар-

ды жүзеге асырушы демократиялық институт. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі кезде, өмірдің демократияланып жатқан дәуірінде орны зор. Әсіресе сөз, баспасөз бостандығы шын мәнінде беріліп, радио мен теледидарды пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілген елдерде азаматтардың өзіндік санасының өсуіне, қоғамның ісіне белсенді араласуына, адамдардың басшылығы мен жауапкершілігін тәрбиелеуде ақпарат құралдарының мүмкіншілігі ерекше.

БАҚ-тың негізгі билігі адамдарды сендіру арқылы олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне ықпал етуіне негізделетінін білеміз. Заңға негізделген мемлекеттік билікке қарағанда, баспасөздің ықпалы мемлекет пен оның институттарына және жүргізіп отырған саясатына қатысты адамдардың ойы мен мінез-құлқын қалыптастырып бағыттай алады.

БАҚ-тың маңызды рөлі – қоғамның өміршен даму жағдайын қамтамасыз ету. Қазақстандық ақпарат кеңістігінде қоғамда болып жатқан экономикалық, демократиялық, саяси, әлеуметтік өзгерістерді түсіну, жаңаша қабылдап бағалау процестері көрінуде.

Пікірлер мен ойлардың сан алуандығы, мақсат, талап, пікір қайшылығы, саяси және әлеуметтік әртүрлі бағыт ұстанған ақпарат құралдары қоғам мүшелерінің рухани сұранысына, таңдауға, талдау, бағалау қабілеттіліктерін арттыруға қоғамда болып жатқан процестерді дұрыс түсіну мен шешім қабылдауларына септігін тигізеді.

Бүгінгі жаңаша даму жолына түскен Қазақстан халқы мен экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінде демократиялық жаңарулар тереңдетіліп, қоғамды жалпы трансформациялау процестерінің қажетті шарттары тұрақтандырылуда. Жас мемлекетіміздің алдында қоғамдық дамудың бүгінгі кезеңде өркениеттің жетістіктерін материалдық және рухани игілік ретінде сақтау мәселесі туындап отыр. Мемлекеттік тәуелсіздік жаңа экономикалық саясатпен, құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет құру міндеттері республика ақпарат кеңістігіне үлкен өзгерістерді қалыптастырды. Ол міндеттерді жүзеге асыру қоғамның өмірін дұрыс түсініп, қабылдап, шынайы суреттеу мүмкіндігінен соң жүзеге аспақ.

Ақпараттық пікір алмасулар демократиялық жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, тұрақты саяси, әлеуметтік, демократиялық процестердің орнығуына әкеледі. Сөз бостандығы, баспасөз

бостандығы, пікірлер плюрализмі тәуелсіз жеке меншік ақпарат құралдарының пайда болуы қазақстандық ақпарат кеңістігінде демократиялық үрдістердің нәтижелері.

Қазақстан үшін дамудың тұрақты демократиялық моделін таңдауда қоғамды еркін және құқықтық, демократиялық үлгіде трансформациялау жолдары мен әдістерін іздеу, объективті шынайы ақпараттардың маңызы зор.

Ақпараттық қоғам түрлі идеялар мен ілім, білім, сан алуан өркениет пен құндылықтарды саралап, адамдардың ой-санасын кеңейтуге белгілі бір идеялар төңірегінде топтасуға, оларды тереңірек түсініп-білуге ықпал етеді. Егер экономика мемлекеттің жұлыны болса, оның ұлттық рухы мен санасы жүрегі іспеттес. Қоғамдағы әлеуметтік институттардың ерекше түрі саналатын БАҚ мемлекет жүрегі арқылы оның бүкіл денесіне қажетті нәр, азаматтардың мемлекеттік бірлігі мен мақсат-мүдде ортақтығына түйсінуді таратады. Онсыз тәуелсіз мемлекеттің болашағын баянды ету қиын.

Қазіргі кезеңде Қазақстан әлемдік аренада тек экономикалық мүдделер нүктесі ғана емес, стратегиялық саяси, әлеуметтік, экономикалық жағынан әлем елдерінің назарын аудартып отыр.

Қоғамның өркениеттілігі мен зайырлылығы мемлекеттің мәдениетке деген көзқарасымен өлшенеді. Бүгінгі дамыған өркениетті қоғамдағы білім мен ақпарат билігі қаражат пен мемлекеттік күштеуді екінші кезекке ысырып тастап, оны басқаруда шешуші ықпал ете алар саяси күшке айналып отыр.

Қазақстандағы экономикалық-әлеуметтік, мәдени дамуға ықпал ететін әртүрлі маңызды мәселелер ақпарат кеңістігінен терең ашық жарияланып, жариялық принциптері тұрғысынан кеңінен көрініс табуда. Бүгінде қоғамымыз нарықтық экономикалық, саяси, әлеуметтік күрделі өзгерістерге түсіп, жаңа жағдайға рухани-психологиялық бейімделу кезеңін бастан кешіруде. Екінші жағынан, мемлекет идеологиясы жаңа азаматтық қоғамның өркениетті құқықтық құрылымға ұлттық бірлік пен теңдік принциптері арқылы гүлдену идеясын қолға алып отыр.

Қоғам өмірінде мәдени жинақталған түрлі құндылықтарды сақтау ғана емес, енді олардың қалыптасқан жаңа жағдайға сай гүлденуі мен бірін-бірі толықтыра түсуінің мәні терең нақты тәуелсіздікке жету күшті қолдауды қажет етеді.

Кез келген мемлекеттің ішкі, сыртқы міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының орны маңызды.

БАҚ арқылы адамдар әлеуметтік нормаларды, этикалық және адамгершіліктік құндылықтарды қабылдайды, өмірлік ұстанымдары қалыптасады. БАҚ қоғамда болып жатқан процестерді бейнелей отырып, қоғамдық пікірді қалыптастырады. Қоғамдық пікір қалыптастырып әлеуметтік процестерді басқаруға, шешім қабылдауға ықпал етеді.

БАҚ ақпараттық салада ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік дамуды, қоғам талаптарына сәйкес құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан БАҚ-тың қызметінде және ақпаратты өндіруде, тұтытуда, таратуда ақпараттық қарым-қатынастарда әлеуметтік жауапкершілік жүктелінеді. Ақпараттық қоғамда тұлғаның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы оның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырып, табысқа жетуде мол мүмкіндіктерін жүзеге асыруын және қоғам өміріне белсенді араласуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі ақпараттар ағымы заманында бұқаралық ақпарат құралдары мемлекет өмірінде шешуші

рөл атқарады. Қоғамдық-әлеуметтік құрылымда ақпарат қоғамның маңызды әлеуметтік құралы. Олар азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын білуіне, өз мұрат-мүдделерін қорғауына, күнделікті болып жатқан оқиғалар турасындағы ой-пікірлерін қалыптастыруына мүмкіндік беретін маңызды институттардың бірі болып отыр.

### Әдебиеттер

- 1 Уэбстер Ф. Теории информационного общества. – М.: Аспект-пресс, 2004. – 400 с.
- 2 Килимова Л.В. Роль информационных технологий в саморазвитии личности: научное издание. – Курск, 2003. – 63 с.
- 3 Жаназарова З.Ж., Мамытқанов Д.Қ. Қоғамдық пікір әлеуметтануы: оқу құралы. – Алматы, 2008. – 58 б.
- 4 Зиновьева Н.Б. Информационная культура личности: Введение в курс / под ред. И.И. Горловой. – Краснодар, 1996. – 135 с.
- 5 Шамақайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары: оқу құралы. – Астана, 2006. – 308 б.

Д.К. Мамытқанов, С.А. Амитов

### Роль процесса информатизации в формировании информационного поведения

Процесс информатизации, определяя жизненные позиции влияет на интеллектуальный уровень, творческую активность и информационное поведение личности. Предметом исследования является влияние процесса информатизации на информационное поведение и роль СМИ в жизни общества. Выводы исследования показывают основные проблемы информационного общества и направления процесса информатизации. В статье, также рассмотрены важные функции СМИ и их влияние на формирование информационной культуры личности.

**Ключевые слова:** Информатизация, информационное поведение, информационная культура, культура личности.

D.K. Mamytkhanov, S.A. Amitov

### The Role of process of Informatization in formation of information behavior

The subject of study is the effect of the process of information on information behavior and the role of media in society. Findings of the study show the major challenges of the information society and the main directions of information process. The article also describes the main functions of the media and their influence on the formation of personal information culture.

**Keywords:** Information, information behavior, information culture, culture of personality process of identifying information on life affects the intellectual level, creativity and information behavior of the individual.